

АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№21 (135) 8 мамыр 2026 жыл

9 МАМЫР-ҰЛЫ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ

БІР АУДАННАН БІРНЕШЕ ХАБАР

ЕРЛІК-МӘҢГІЛІК ӨНЕГЕ

Ардақты ағайын!
Құрметті ардагерлер!

Сіздерді Ұлы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке - ел тарихындағы ең қас-терлі, ең тағылымы терең күн. Сұрапыл соғыс жылдарында Сіздер Отан үшін от кешіп, ерліктің өшпес үлгісін көрсеттіңіздер. Майдан даласында жаумен бетпе-бет келіп, жанқиярлықпен шайқастыңыздар, ал

тылдағылар тынымсыз еңбек етіп Жеңісті жақындатты. Сіздердің ерліктеріңіздің арқасында бүгін біз бейбіт аспан астында өмір сүріп, тәуелсіз елдің игілігін көріп отырмыз. Бұл-ұрпақтан ұрпаққа жететін ұлы аманат, мәңгілік өнеге.

Соыстан кейінгі жылдары да Сіздер елді қалпына келтіру жолында аянбай еңбек етіп, қоғамның дамуына зор үлес қостыңыздар. Сіздердің өмір жолдарыңыз- нағыз патриотизмнің, қайсар-

лық пен табандылықтың айқын көрінісі. Өмірлік тәжірибелеріңіз, даналыққа толы ақыл-кеңестеріңіз, жастарға қамқорлықтарыңыз қоғамымыздың рухани тірегің айналды. Майдангерлер, ардагерлер, тыл еңбеккерлері-ел трихының тірі шежіресі.

Қадірлі ардагерлер! Сіздерге зор денсаулық, ұзық ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз. Ерлік пен еңбектеріңіз әрдайым құрметке бөлене берсін!.

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық
Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Шекара сарбаздарымен кездесу

«Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты «Қарқара» шекара бекетінде жастармен кездесу өтті.

Оған ауыл ардагерлері, ауыл тұрғындары қатысты. Кездесу барысында шекара сарбаздары алдында ауылдың қадірменді қариясы Ыдырыс ата сөз алып, Қарқара мен Қырғыз Республикасының Түп ауданы тұрғындарымен ежелден қарым-қатынастары үзілмеген ел екеніне тоқталды. Аудандық ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі Сабыр Досымбеков осы Қарқара ауылында 5 жыл еңбек еткенін айтып, болашақ сарбаздарға Отанның жақсы азаматы болып қалыптасуына тілектестік білдірді.

Жас күрескерлер жарысы

Аудандық жасөспірімдер спорт мектебінде жас спортшылардың грек-рим күресінен жарысы өтті. Жарысқа Райымбек Кеген ауданының оқушылары қатысты.

«Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты ұранмен өткен кездесуде белгілі журналист, жазушы Жақыпжан Нұрғожаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов, ақсақалдар алқасының төрағасы Қуанышбек Төлепбердиев, дене шынықтыру және спортты дамыту орталығының директоры Гайдар Мұқанғожаев сөз сөйлеп, жастарға табыс тіледі. Жарыс жеңімпаздары «Құрмет» грамоталарымен марапатталды. Грамоталарды ауданның ардагерлері табыстады.

Кітапханашылар күніне орай

Аудандық мәдениет үйінде кітапханашылар күніне орай арнайы кездесу өтті. Кездесуді аудандық кітапхана менгерушісі Индира Ахметова ашты.

Жазушы, журналист Аршагүл Тойбайқызы, жазушы, журналист Жақыпжан Нұрғожаев, жазушы, журналист Шыңғыс Тұрсыновтардың әр жылғы жазылған кітаптары көрсетілуге қойылды. Алғашқы сөзді жасы 80 келген белгілі Мұқағали танушы Жақыпжан Нұрғожаев алып, кітапханашыларды төл мерекесімен құттықтады.

«Таза Қазақстан» акциясы

«Таза Қазақстан» акциясы аясында Кеген ауылында жалпы 5000 түп ағаш отырғызылмақ. Сәуір айынан бері ауданда сенбіліктер ұйымдастырылып тұрғындар ағаш отырғызу жұмыстарын ұйымшылдықпен атқарып келеді.

Осындай ізгі жұмыстардың бірі аудандық Жастар ресурстық орталығының алдындағы бақпа ағаш отырғызу ұйымшылдықпен жүргізілді. Оған Алматы, Қонаев қаласы, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр аудандарынан келген ардагерлер қатысты. Ардагерлер Елеусіз Сұлтанғазиев, Токқожа Естенов, Аян Айтжанов, аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев жастармен кездесіп, ағаш отырғызу бастамасына қатысып отырған ардагерлерге шынайы рахметін айтты.

Музейде өткен кездесу

Кеген аудандық тарихи-өлкетану музейінде арнайы кездесу өтті.

Оған Кеген ауылының ардагері Рахым Есімбаев, Сабыр Досымбеков қатысып, жазушы журналистер Аршагүл Тойбайқызы, Жақыпжан Нұрғожаевтың творчестволық еңбектерін жиналғандарға таныстырды. Музейді ардагерлер аралап көріп, өз тілектерін айтты.

Өз тілшімізден.

Бәрі де таразы талқысына салынды

Қоғамдық өмірімізде бүгінгі күннің қозғалып жатқан өзекті мәселелері өте көп екендігін барлық салалар бойынша көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп жүрміз. Олардың шетінен шешімін тауып келе жатқанына халық та қанағаттанарлық сезіммен қарап, лайықты бағаларын беріп келеді. Мұның өзі тиісті орындардың қандай мәселеге болмасын немқұрайды қарамайтынын көрсетеді.

Олардың ішінде неврологиялық, жүрек, қантамыр жүйесі, ревматологиялық, эндокриндік жүйесі, демікпе аурулары және тағы басқа жүйелер бойынша дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілгендер саны – 5965 адам. Оның ішінде санаторий, курорттарда емделгендер саны 280 адам болып отыр. Сондай-ақ тегін портал арқылы 570 картқа тегін жолдамалар беріліп, демалып қайтты. Стационарда ем алғандар 6393 адам. Соңғы уақыттың өзінде ғана зейнет жасындағы жеті адамға буынды алмастыру отасы жасалды.

Маржан Айткенова бұдан басқа да ауызға аларлық жұмыстарды атап өтті. Мәселен, ауданға қарасты Ұмтыл ауылдық округіндегі Мерей ауылындағы мәдениет үйінің ғимаратында орналасқан «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына Қаскелең қаласынан бір зейнеткер йога спорт түріне қатысуға. Осы орталықтағы дене шынықтыру, цигун, йога, емдік сабақтары, шығармашылық және мәдени іс-шаралар, би үйірмесі, вокал сабақтары, қолөнер, шахмат, тоғызқұмалақ, смартфон мен компьютерді қолдану жағы кеңінен өріс алған. Қарттарымыз қазір денсаулықтары үшін осы орталыққа тұрақты түрде барып жүргенін баяндамашы барынша әңгімеледі. Бұған тыңдаушылар асқан құштарлықпен зейін қойды.

Бұдан кейін сөз кезегін алған Әйтей ауылдық округі әкімінің орынбасары Әкімжан Жүнісов ауылдар арасындағы бірлік пен ынтымақ мәселесі жайындағы кө-

тер ұйымдастырылып, қоқыстарды тазартуға айтарлықтай күш жұмылдырылған. Тазалық акциясы өзінің жемісті нәтижесін беріп отырғанын баяндамашы жеріне жеткізе хабарлады. Ауылдарға ағаштар да отырғызылған. Ауыл ажары да кіріп, мәдениетті ауылдар екені көріне бастады.

Бұдан кейінгі күн тәртібіндегі мәселе аудан көлеміндегі бабалар мен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне орнатылған ескерткіштердің жайы әңгіме арқауына айналды. Бұл жөнінде жастар жөніндегі маман Әйгерім Төлегенова әңгімелеп берді. Қатынасып отырған ұйым төрағалары тарапынан аудандағы 14 ескерткішті күтімге алу, жыл сайын жаңартып отыру жағы дұрыс қолға алынбай келе жатқандығы қатты сынға алынды. Олай болатын жөні де бар. Баяндамашының ескерткіштер жайын толық білмейтіні, кейбіреуінен мүлдем хабары жоқ екендігі ашылып қалды. Ұйым төрағалары оған соңғы ескертулерін жасап, айтылған сыннан қорытынды шығаруды талап етті. Алдағы уақытта бұл мәселенің қайта қаралатынын ескертті.

Отырыстың соңында ұйым төрағасы Сағат Мәсімақынов сөз алып, таразы талқысына түскен мәселелердің бәріне де жеке-жеке тоқталып, өзінің пікірлері мен ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар кейбір баяндамашыларға батыра сын айтып, ендігі жерде шала-шарпы дүниелерді ұсынуды қою керек екендігін шегелеп тұрып ескертті. Алдағы Жеңіс мерекесін лайықты қарсы алуға байланысты белгіленген іс-шараларды ұйымшылдық тұрғысынан өткізуді тапсырды. Оның бұл нұсқауы мен тапсырмасын бәрі де қабыл алды.

Осынау отырыс барысында Ұмтыл ауылдық округіне қарасты «Асыл арман» ықшам ауылындағы



кейкесті мәселелерді көпшіліктің алдына көлденең тартты. Еңбекші, Үштерек, Құмарал ауылдарындағы атқарылған іс-шараларды баяндау барысында тыңдаушылар арасынан қойылған сұрақтар да болды. Оның бәріне де әкім орынбасары тиянақты жауаптар қайтарып отырды.

Жиын барысында «Таза Қазақстан» акциясы да назардан тыс қала қойған жоқ. Осы тақырып аясында Райымбек ауылдық округі әкімінің орынбасары Салауат Қазиев ауылдар ішінде атқарылып жатқан біраз жұмыстарды ауыз толтырып атап өтті. Әкімдіктің және ардагерлер ұйымының бірлесіп қолға алуының арқасында ауылдарда әр апта сайын сенбілік-

ардагер Бактыкерей Жетпісбайұлын 90 жасқа толып отырған мерейтойымен аудан ардагерлері атынан Сағат Ұлтарқұлы қуана құттықтап, үстіне шапан жауып, ұйымның Алғыс хатымен марапаттады. Үлкен құрметке бөленген Бактыкерей Жетпісбайұлы да қарап қалмады. Аудандық ардагерлер ұйымына және облыстық «Алатау ардагері» газетінің қызметкері, журналист Сикымбектің Алтынбайының газетке жарқыратып жазғанын айтып, ақ ниетті алғысын білдірді.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.

● КӨКЕЙКЕСТІ



Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қашан болсын қаперінен шығармай, қатаң түрде қадағалап, мұндай мәселелерді күн тәртібінен түсірмей қарап отыратын және оған қатысы бар жерлерге орынды талап қоятын аудандық ардагерлер ұйымының ықпалы бар жұмысын назардан тыс қалдыра алмаймыз. Аудандық ардагерлер ұйымының өткен кезекті отырысында белгіленген жоспарға сәйкес біраз мәселелер қаралды. Бұған қалалық және ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдары және қаралатын мәселелерге қатысты адамдар қатынасты.

Бас қосқан үлкен жиынның алдында аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов қаралатын мәселелерді шетінен таныстырып шықты. Өздеріне тиесілі міндеттерге қатысты баяндама жасап, есеп беретін адамдарға бар мен жоқты нақтылап айту жағын ерекше ескертті. Бұл жолғы қаралған мәселелердің біріншісі - Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жесірлеріне, тыл ардагерлеріне, тұрмысы төмен отбасыларына қамқорлық көрсетудің барысы жайлы кеңінен сөз қозғалды.

Осынау мәселелерге байланысты Қаскелең қалалық әкімдігінің бас маманы Маржан Айткенованың баяндамасы тыңдалды. Ол аталған жайларға байланысты жан-жақты әңгіме қозғап, түйінді ойларын ортаға салды. Оның айтысына қарағанда, Қаскелең қаласының құрамына Көктебе ауылы және 41 саяжай қарайды екен. Ал, бүгінгі күні халық саны 89 мың 029 адамды құрайды. Бұл мағұлматтарды кімге болсын біліп жүрген дұрыс сияқты.

Сол сияқты Қаскелең қаласында 7 мың 792 зейнеткер есепте тұрады. Бүгінгі күні Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің 7 жесірі, 116 тыл еңбеккерлері, 90 мен 103 жас аралығындағы 94 ақсақал бар. Қазір осылардың ішінен 4 ақсақал 100 жастан асып отыр. Қарияларға құрмет ата-бабамыздан келе жатқан ізгі дәстүр екені ешқандай да түсінікті қажет етпейді. Бұл ұрпақтар сабақтастығының белгісі болып табылады. Қарттарды қадірлеу, олардың ақ батасын алу әрбір адамның алдындағы міндетті борышы болмақ. Түп тамырына тереңдеп үңілетін болсақ, олар-елдің шежіресі, даналық пен тәлімді тәрбиенің, таусылмас тәжірибенің алтын қазығы. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп тегін айтылмаған.

Осы жерде Қаскелең қаласы әкімдігі тарапынан қарттарға жасалып жатқан қамқорлықты қадап тұрып айтқым келеді. Үстіміздегі жылдың өзінде халықаралық әйелдер мерекесіне байланысты 100 жастан асқан 2 қарт анаға азық-түліктер салынған себеттерді тарту еттік. Алматы қаласында өткен құны 3000 теңгеден тұратын ән кешіне 90 мың теңгеге билет сатып әпердік. Ал, Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай қолға алынып жатқан жұмыстар қуанарлық жағдайда. Осы мерекеді 15 ақсақалға азық-түліктер салынған тарту-таралғылар берілетін тізімді ардагерлер төрағасы Сағат Мәсімақынов көпшілікке көрсетті. Былғы жылдың бірінші тоқсанында аудан бойынша орталық ауруханада 63 пен 100 жас және одан да жоғары жаста 30746 адам есепте тұрады екен. Оның ішінде дәрігерлік диспансерлік есепте 12758 адам бар.

ЕЛ ҚОРҒАҒАН АСЫЛ ЕР

Ұлы Отан соғысының от жалынында шыңдалып, ел мен жердің тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен жауынгерлер-бүгінгі бейбіт өмірдің негізін қалаған асыл жандар. Солардың бірі - Өмірқұл Құлшықов! Ол өз ғұмырын Отанға, еліне, жеріне қызмет етуге арнаған қадірлі азамат еді. Ел шетін жау алып, Ұлы Отан соғысы басталғанда қолына қару алып, майдан даласында ерлікпен шайқасты. Қан майдандағы қиындықтар мен қауіп-қатерге қарамастан елге деген сүйіспеншілігін жоғалтпай, Ұлы Жеңіске өз үлесін қосты.

Мүйізді Өтеген Өтеғұлұлының тікелей ұрпағы Өмірқұл Құлшықов қазақстандық бөлек запастық атқыштар полкінде жауынгер болып, өзінің жанқиярлығы мен өжеттігінің, көзсіз ерлігінің арқасында кейіннен Солтүстік-батыс майданының 170-ші дивизиясы, 391 полкі, 1 атқыштар ротасының взвод командирі және зеңбірекшілер ротасы командирінің орынбасары бола жүріп қаншама рет жаумен бетпе-бет келді. 1942 жылы басынан ауыр жарақат алып, госпитальға түсті. Емделіп шыққан соң қайта сапқа тұрып, арнайы жасалған 161 атқыштар бригадасында рота командирі болды. 1942 жылдан 1944 жылға дейін майдан даласында оқ пен оттың ортасында жүріп, ажалмен арпалысқан сәттерде қайсарлық пен ерліктің нағыз үлгісін көрсетті. Ең қанды шайқас Солтүстік-батыс майданындағы Демянск қазандығында өтті. Ильмень мен Селитер өзендерінің аралығындағы орманды-батпақты аймақтағы майдан 1,5 жылға созылып, жау әскері қоршауға алынды. Кеңес жауынгерлерінің ерлігі мен табандылығының арқасында Демянск қазандығы бағытындағы шайқас жеңіспен аяқталды. Ленинград маңында болған алапат шайқаста жан-жақтан атқылаған зеңбірекке қарамай, жауды артқа өткізбейді әрі жауынгерлерінің амандығын ойлап, аяғына тиген оққа қарамастан бұйрық беріп, зыр жүгіріп жүрді. Артынан білді қатты жарақат алыпты. Қанды қырғын шайқастарда тайсалмай алға ұмтылып, қаруластарымен бірге жауға қарсы тұрып, Жеңіс жолында табандылық танытты. Оның майдандағы ерлігі ескерусіз қалған жоқ. Ол «Қызыл жұлдыз» I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Өмірқұл Құлшықовтың өмір жолына үнісең еңбекқорлықтың, табандылықтың, әрбір ісіне деген жауапкершіліктің, адалдықтың, әділдіктің үлгісін көресің. 1907 жылы ауқатты отбасында дүниеге келген ол 10 жасында ата-анасынан айрылып, жетім қалып, нағашыларының тәрбиесінде болады. Нағашылары Өмірқұлды өз балаларынан кем қылмай өсіріп, оқытып, оның бар жағдайын жасапты. Соның арқасында ол арабша, латынша, орысша еркін-еркін сөйлеп жаза білетін. Білімі жақсы болғандықтан көзге түсіп, 1927-1929 жылдары Қастек ауданында еңбек қорғау инспекторы қызметін атқарған. 1929-1932 жылдары РККА кавалериясының қазақ полкінде еңбек етті. Қызылорда қаласындағы Кеңес Одағы жоғары партия мектебінде, Алматыдағы Қазақстанның жоғары ауылшаруашылық мектебінде білім алған ол

коммунистік партияның нұсқауымен Алматы облысы Көктал-Октябрь ауданы машина-трактор жасау станциясы директорының орынбасары болды. Алматы қаласында прокуратурада, сотта қызмет атқарды. Негізгі жұмысынан қолы қалт еткенде ақын-жазушылардың мұрасын жинастырып, оны зерттеумен айналысатын. 1939 жылдан бастап майданға аттанғанша Алматы қаласының жанындағы қалалық кеңестің тұрғын үй басқармасында жауапты жауапты қызмет атқарды.

1944 жылы соғыстан жараланып, елге қайтты. Соғыстан кейін бейбіт өмірге оралған Өмірқұл аға еңбектің алғы шебінде жүрді. Қай салада қызмет етсе де адалдық пен жауапкершілікті ту етіп, ел дамуына үлесін қосты. Қарапайым болмысымен, еңбекқорлығымен көпке үлгі болды. 1944-1954 жылдары «Кеңес» ұжымшары төрағасының орынбасары болып, халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмысына белсене араласты. Бұл жерде де ол ауылдастарының қамы үшін өзінің ерлігін, шыншылдығын көрсете білді. Ұжымшар төрағасының орынбасары болып қызмет атқарған бастапқы кезде өздері әрең күн көріп отырғандарды басынып, ішкер асын, мал-мүлкін тонап жүрген ауылдастарын ұлты басқа бұзақылардан қорғаймын деп, қолына еріксіз қару алған күні болды. «Мен сендерге соғыстың зардабынан ес жия алмай, тойып тамақ іше алмай жүрген жуас халықты басынғанда көрсетейін деп», бұзақылардың жолын аңдып, қару кезеніп, оларды сабасына түсіргеннің өзі оның ерлігін, еш нәрседен қорықпайтын батылдығын дәлелдемей ме?! Шындықты шырылдатып айтамын деп, партия қатарынан да шығып қалды. Аудан басшылары келіп, жиналыс ашып, жағдайлары тым нашар, енді-енді еңсесін тіктеп келе жатқан ұжымшар мүшелеріне орындауға келмейтін, жылдық жоспарды тапсырғанда Өмірқұл Құлшықов шыдай алмай орнынан тұрып: «Жоқ, бұған біз келісе алмаймыз. Бізге артып отырған жоспарларыңыз тым үлкен, қанша тырыссақ та мұны орындай алмаймыз. Мүмкіндік беріңіздер, биыл емес, келесі жыл орындайық», - деді тайсалмастан. Аудан басшылары «Сен неге партияның сеніміне қарсы шығасың», - деп өзіне дүрсе қоя берді. Сонымен не керек, үстінен нақақтан – нақақ жала жабылып, партия қатарынан шығарылды. Ол аз болғандай, өзін халық комиссариаты ішкі істер өкілдері аңдуға кірісті. Өзі үйде жоқта НКВД-ның адамдары келіп, тінту жүргізіп, төл құжатын алып кетіпті. Ұжымшар үшін шырылдаған ерен еңбегі, соғыстағы

ерлігі ескерілмеген соң ашуға бұлығып, қолына қалам алып, партиядан шығару туралы жиналыста дауыс беру қорытындысы бойынша өзін 18 адамның қолдағанын, 13 адамның қарсы болғандығын баяндап Қазақстан Орталық Комитетіне хат жазды. НКВД маза бермеген соң Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке жолықпақшы болып Алматыға аттанады. Ал, Жұмабай Шаяхметов екеуі 1929-1932 жылдары кавалериялық полкте бірге қызмет еткен еді. 1932-1938 жылдары Жұмабай Шаяхметов екеуі Алматы қаласындағы прокуратурада бірге қызмет етіп, жақын араласып дос болып кеткенді. Кейін Өмірқұл Құлшықов қалалық сотта қызмет атқарғанда да екеуі араласып тұрды. Болған жайды бұғы-шығасын қалдырмай сыралғы досына баяндап берді. Бірінші хатшы істің ақ қарасын анықтап барып, шешім қабылдайтын айтып, досын шығарып алады.

Көп ұзамай Қазақстан Орталық Комитетінен партия мүшелігі қатарын қайта қабылданды деген хат келді. «Аққа құдай жақ», - дегендей, қаншама уақыт жазықсыз жапа шексе де, партиялық билетін қайта алғанда қуанышында шек болмады.

Партияның нұсқауымен көптеген лауазымды қызметтерді үлкен жауапкершілікпен атқарған Өмірқұл Құлшықов-әділ әрі адалдығымен, шыншылдығымен ерекшеленген жан. Жауапты қызметтерді атқарумен қатар әдебиет пен тарихты зерттеуді ұмытқан жоқ. Өмір Темірдің өнегелі ісін, бай мұрасын толық зерттеудің қажет екендігін түсініп, Ленинград қаласындағы Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапханаға бабамыздың этнографиялық шығармасын, оған қоса түсініктеме хат жазып жібергенінің өзі үлкен еңбек емес пе?! Сонымен қатар Өмірқұл Құлшықов Сүйінбай, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі, Байсерке сынды өнер қайраткерлерінің, Қордай, Шу өңірінен шыққан сал-серілердің мол мұраларын көнекөз қариялардың аузынан естіп, ақ қағазға түсірумен айналысты.

Майдангер Өмірқұл аға халық қаһарманы Бауыржан Момышұлымен де араласып, үнемі хат жазысып тұрған екен. Бауыржан Момышұлының өтініші бойынша Мүйізді Өтеген батырдың ұрпақтары туралы мәліметтерді жинастырып, жазып беріпті. Ал, енді өзінің тікелей бабасы Мүйізді Өтегеннің жерленген орнын тауып, оны туған жеріне апарып қайта жерлеуіне бар күш-жігерін салғаны-өз алдына әңгіме.

1973 жылы Алматыға жолы түскенде Райымбек бабаның басына зиярат етуге барып, шырақшы Досжанмен әңгімелескені бар. Сон-



да Досжан Өмірқұл ағаның Өтеген батырдың ұрпағы екенін біліп, «Қордайдағы Кеңес ауылында батырдың алты баласынан тарайтын ұрпақтары тұрамыз дейсің. Онда неге бабаларыңның сүйегін су астына жібермексіздер? Бір әрекет жасап, сүйегін туған жеріне алып кетпейсіңдер ме?», - деп қатандау сөйледі. Сөйтсе, Қашпағайдың суы көтеріліп, бейіт су астында қалғалы тұр екен. Ауылға келісімен қарияларды жинап, мән-жайды баяндап береді. Сүйекті әкелуге бабаның алты баласынан тараған ұрпақтарының біреуі келіссе, біреуі келіспей дұрыс шешім қабылданбады. Кезекті жиында да бір-жақты шешімнің қабылданбағанына ренжіп жатып қалғаны бар. Ұйықтап кеткен екен, түсінде аппақ киінген, сақалы ұзын қарт абыз үйге кіріп, төрге шығып зілді дауыспен «Балам, неғып жатырсың. Нартәуекел, тұр орныңнан!», - дегені. Орнынан ұшып тұрса таң бозарып атып келеді екен. «Бабам маған бекер аян бермеген шығар», - деп ойлап іске белсене кірісуге бел байлады. Ауыл қарияларын тағы бір жинап, «Алматыға кетіп барамын, маған кім ілеседі», - деді. Жиналғандардың төмен қарағанын көрген Сұлтанбай ақсақал «Мен бабамын», - деп орнынан тұрды.

Сонымен не керек, 1940-1958 жылы Алматыда әскери комиссар, 1958 жылдан зейнетке шыққанға дейін Кеңес ауылдық кеңесінің төрағасы болған Сұлтанбай ақсақал екеуі талай есікті қағып, талай табалдырықты тоздырып жүріп, бейітті ашып, бабаның сүйегін елге жеткізуге құзырлы органдардан рұқсат қағазын алған соң Сауранбаев Сұлтанбай мен Құлшықов Өмірқұл Үкімет үйіне, Қазақстан коммунистік партиясының бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевқа шақырылды. Алайда Дінмұхамед Ахметұлының шұғыл шаруасының шығып қалуына байланысты ол кісілерді Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров күтіп алып, «Өтеген батыр бүкіл қазақ халқының мандайына біткен ұлы тұлға ғой. Осындай керемет те, ұлы тұлғаның қамын ойлап, күн-түн демей артынан шапқылап жүрген сіздердей ұрпақтары болғанына қатты қуанам.

Сіздердің бүгін істеп жатқан істеріңіз келер ұрпаққа мәңгілік өнеге болып қаларына сенімдімін, өздеріңіздей ардақты ақсақалдарымыздың барлығына өте ризамын және қалың елдің, республика жұртшылығының атынан үлкен рахмет айтамын», - деген Дінмұхамед Ахметұлының ыстық ықыласын жеткізді. Еңбектерінің зая кетпей Қазақстанның бірінші басшысының тарапынан қолдау көрген қордайлық екі ақсақал қуанышты хабармен ауылға тартты. Осылайша 1973 жылы Сұлтанбай ақсақал мен Өмірқұл ағаның тікелей бастамасы әрі басшылығымен Өтеген бабаның сүйегі туған жеріне жеткізілді. Алайда, алған бетінен қайтпайтын, тарихты тереңнен білетін Өмірқұл аға мұнымен шектелмей, Өтеген Өтеғұлұлының ескерткішін тұрғызуга бар күш-жігерін салды. Бүгінде бабасының қара тегенесі Өтеген Өтеғұлұлының ұрпақтарының қолында болса, сүйегі салынған қара шабаданың Өмірқұл ағаның шаңырағында ұқыппен сақталуы да көп жайтты аңғартса керек.

Соғыста асқан ерлік көрсетіп, елге оралған соң партия қайда жіберсе сол жерге барып, үлкен жауапкершілікпен қызмет атқарған, сонымен қоса тарихты зерттеп, бабаларының өмір жолын өзіне бағдаршам етіп ұстаған Өмірқұл Құлшықов отбасында адал жар, сүйікті әке бола білді. Жұбайы екеуі екі ұл, бес қызды тәрбиелеп қатарға қосты. Кенже ұлы Дәулеткелді әкесінің қара шаңырағына ие болып, шырағын өшірмей отыр. Дәулеткелді бауырымыз әкесінің ерлігін, еңбекқорлығын, ізденімпаздығын, азаматтығын әркез басқаларға үлгі етіп отырады. Әкесі сияқты Өтеген бабасының рухын асқақтатып, ата-баба аманатына адалдық танытуда. Атап айтқанда Дәулеткелді Өмірқұлұлы-2018 жылы Іле ауданының орталығы Өтеген батыр ауылына кіре беріс жолдағы Мүйізді Өтеген батыр Өтеғұлұлының ескерткішін орнатуға сүбелі үлес қосқан атымытай жомарт азамат.

Өмірқұл Құлшықов Ұлы Отан соғысының ардагері ғана емес, сонымен қатар ел тарихына тағзым еткен, бабалар рухын ардақтаған тұлға болды. Ерлік пен елдік дәстүрді бойына сіңірген Өмірқұл аға өз ісімен, мінезімен Өтеген батыр бабасының рухын асқақтатқандай еді. Өмірқұл Құлшықовтың өмір жолы-ерлік пен еңбектің тұтас шежіресі. Артында қалған ұрпағы мен ел-жұрты үшін Өмірқұл ақсақалдың есімі әрдайым құрметпен аталады. Оның жауынгерлік ерлігі мен бейбіт өмірдегі қажырлы еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Қай кезде болмасын, қай ортада жүрсе де ол ұлттың рухын көтеріп, кейінгі ұрпаққа өнеге бола білді.

Өмірқұл Құлшықовтың ғұмыры бабалар ерлігінің жалғасы іспетті. Ол-кешегі батырлардың рухын бүгінге жеткізген алтын көпір. Уақыт өтсе де Отан үшін жанын шүберекке түйген ерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Өмірқұл Құлшықовтың жарқын бейнесі жүректерде мәңгі сақталады.

Роза АЙДАРБЕКОВА.
Іле ауданы.

«ТАЗАЛЫҚ КҮНДЕРІ» АКЦИЯСЫ

Райымбек ауданында жалғасуда

Райымбек ауданында демалыс күндері туристік бағыттарда ұйымдастырылған «Тазалық күндері» аясында бүгін аудан әкімі Дастан Сұлтанмұратұлының қатысуымен Шөлкөде жайлауында және Түзкөл көлінің аумағында тазалық жұмыстары жүргізілуде.



Шөлкөде жайлауында өткен сенбілікте 300 гектар жер тазаланып, оған 500 адам қатысты. Сонымен қатар Түзкөл көлінде өткен сенбілікке 150 адам қатысып, 100 гектар жер тазаланды. Тазалық жұмысы барысында

5 тоннаға жуық күл - коқыс шығарылды.

Туристік әлеуеті жоғары ауданымызда өтіп жатқан бұл сенбіліктер тұрғындар тарапынан қызу қолдау табады. Ертең аталған жұмыстар Хантәңірі мен Шоғансай туристік аймақтарында жалғасын табады.

Санитарлық тазалау шаралары аудан аумағындағы танымал туристік аумақтарды, көлдер мен демалыс орындарын қамтиды. Акцияға аудан тұрғындары мен қонақтары, еріктілер, кәсіпкерлер және қоғамдық ұйым өкілдері белсенді қатысады.

Өз тілшімізден.

Алматы облысында туристік бағыттарда ауқымды сенбіліктер өтіп жатыр. «Тазалық күндері» экологиялық акциясы аясында шатқалдар мен сарқырамалардан бастап көлдер мен демалыс аймақтарына дейінгі аумақтар тазартылуда.

Бастама мамыр айындағы мерекелер мен демалыс күндері өңірдің негізгі туристік нысандарын абаттандыруды күшейтуге бағытталған. Тазалық жұмыстары жүргізіліп жатқан бағыттар қатарында Есік көлі, Көлсай көлдері, Шарын шатқалы, Ассы жайлауы, Первомай тоғандары, музейлер аумағы, табиғи ойын-сауық саябақтары және жыл сайын мыңдаған туристер тамашалайтын өзге де нысандар бар.

Бүгін «Тазалық күндері» экологиялық акциясы аясында 130 кәсіпорын мен ұйым өкілдері, жалпы 20 мыңнан астам өңір тұрғыны 120 гектардан астам аумақты тазартты. Тазалық жұмыстары Түрген шатқалында, «Таңбалы тас» археологиялық кешенінде, «Ақ-Бұлақ» тау-шаңғы курортында, «Көшпенділер қалашығында» және өзге де танымал туристік орындарда жүргізілді. Бір күннің ішінде 340 тон-

Облыстың туристік нысандарын қамтыды



на тұрмыстық қалдық жиналып, арнайы полигондарға шығарылды. Жұмысқа 22 бірлік арнайы техника жұмылдырылды.

«Туристік орындардың тазалығы – елдің имиджі мен мәдениетінің айқын көрінісі. Табиғаттың сұлулығына тамсанған әрбір қонақ оның құмшынды да назар аударды. Таза әрі ұқымты орта туристерге жағымды әсер қалдырып, қайта келуге деген ықыласын

Өз тілшімізден.

● ӘКЕСІН ҰЛЫ САҒЫНАР...

БАЛҚАШТАН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІНГІ ЖОЛ

Майдан даласында қан кешіп, қантөгісті көзбен көрген батырларымыздың дені «келместің кемесіне» мініп, мәңгілік мекенге қоныс аударды. Соның бірі менің әкем - Телтай Бейсембаев. Соғысқа бастан-аяқ қатысып, Берлиндегі соңғы қанқасап ауыр шайқастарды басынан өткізген батырлардың бірі. Туған жерге жеңіс туын желбіретіп, аман-есен оралғанымен, соғыста алған жарақатынан небәрі 37 жасында өмірден озып, сағынышын бізге қалдырып, ата-бабаларымыздың көшіне ілесіп кете барды.

Ол 1919 жылы Жетісу уезі Іле-Балқаш болыстығының ескі Бақбақты ауылында шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Байділдаев Бейсембай мен анасы Құндызай. Анасы 16 құрсақ көтерген, олардың ішінде 3 ұл мен 2 қыз кәмелеттік жасқа жеткен. Қалғандары бала кезінде шетінеп отырған.

Әкем Телтай 1938 жылы әскер қатарына шақыртылып, мерзімі бітіп енді елге қайтамын деп тұрғанда, 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес одағына тұтқиылдан соғыс шабуыл жасап, алапат соғыстың ортасынан бірақ шығады. Алғашқы жорық жолдары Молдавияның аумағында 1941 жылдың 2 шілдесінен басталып, 1941 жылдың қыркүйек айынан 1942 жылдың мамыр айына дейін Оңтүстік-Батыс майданында, 1942 жылдың мамыр айынан 1942 жылдың желтоқсан айына дейін Солтүстік-Кавказ майданында, 1944 жылдың 22 ақпанынан 1944 жылдың 22 наурыз айына дейін 4-ші Украин майданында, 1944 жылдың 24 сәуірінен 1944 жылдың 15 тамызына дейін 1-ші Беларусь майданында небір ауыр, қиын-кескі шайқастарды басынан кешіреді.

1945 жылы 23-25 сәуірі аралығында Берлин қаласында болған көше арасында болған шайқаста көрсеткен ерлігі үшін әкем 1945 жылы 5 мамырда КСРО Жоғары Президумының Жарлығымен екінші рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталыпты. Бұл марапатқа ұсына отырып, 1 Беларусь майданы Суворов орденді 282 гвардиялық истребитель-танкке қарсы артиллериялық полкінің командирі былайша анықтама берген екен: «Зам. наводчика орудия 3 батареи гвардии-сержанта Бейсембаев Телтай за то, что в уличных боях в гор. Берлин с 23 по 25 апреля 1945 года, огнем прямой наводки своего орудия в составе расчета уничтожил 15 немцев, 2 пуле-

мета и подавил огонь 2-х огневых точек»


Соғыс аяқталғанымен әкемді әскерден босатпай, 1947 жылға дейін Германияның Галле қаласында коменданттың орынбасары болып жұмыс істеуге қалдырыпты.

Бейсембай ағамыз бен Құндызай апамыздың әкем Телтайдан басқа Оразбай (1923), Оразбек (1926) деген екі ұлы да соғысқа қатысқан. Оразбек 18 жасқа толмай өз еркімен сұранып, 1943 жылы майданға аттаныпты.

Ағамыз Бейсембай өте еңбекқор адам болған екен. Қолынан көп нәрсе келетін шебер ұста, балықшы, шығыр жасап Іледен су тартып, ауылдың малын сумен қамтыған. Ерекше қасиеті – қобызшылығы дейтін көзін көрген қариялар. Кенже ұлы Оразбектің де соғысқа кеткенін естіп, қайғыланып біраз уақытқа дейін түнімен қобызын тартуын қоймапты. Күндердің күнінде көршісі Малыбайға атаға қобызын беріп тұрып: «Мен енді Оразбекім соғыстан аман келгенше қобызды қолыма ұстамаймын, сенде болсын» депті. Өкінішке орай күткен Оразбекке жат жерден топырақ бұйырды.

Әкеміз ұзын бойлы, денелі азамат болған. Соғыстан 1947 жылы аман-есен оралып, анамызбен бас қосып, шаңырақ көтерген. Анамыз Мамықбала Қожахметова бауырлары Молдахмет пен Молдагерім үшеуі балалар үйінде өскен. Ата-анасы апаршылық кезінде қайтыс болған. Анамыздың екі бауыры да шайқас даласынан оралмады.

Анамыз алты құрсақ көтергенімен бір ұлы мен екі қызы жас кездерінде қайтыс болыпты. Әкеміз 1956 жылы 37 жасында дүниеден озғанда, Айнакүл тоғызда, мен төртте, кіші інім Шаймұханбет екі жаста ғана еді. Жас болғандықтан әкеміздің жорық жолдары туралы анамыздан, замандас құрдастарының айтуынша



еміс-еміс білген болдық. Ол кездері соғыс ардагерлері де бастарынан өткергендері жайында әңгіме айтпайтын. Бала болған соң оған көп назар да аударма қоймадық. Ес жиып ат жалын тартып мінген шағымызда, әкеміздің қатарластары өмірден өтіп кетті.

Әпкем Айнакүлдің ойында қалған бір кезеңді есіне ала әңгімелеген еді. Ол кезде кіші інім өмірге келмеген, менің енді ғана еңбектей бастаған кезім екен. Кешке жатар кезді әпкеміз әкемің денесіне тиген оқтың орнын, тыртықтарын санапты екен. Он бір оқтан қалған тыртықты айтқаны есімде. Кейіннен Кеңес Армиясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивіндегі сақталған құжаттар жайлы «Память народа» сайтынан әкем туралы біраз құжаттарды тапқандым, әкемің төрт рет 4.07.1941, 8.11.1941, 5.05.1942, 12.12.1944 жылдары жараланғанын және контузия да алғанын білдім.

Сол архивтің 33 қор, 690155 тізбесі, 34636054 жазбасында 13.08.1944 жылы

«II-дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталғаны жайында 256 миномет полкінің командирі Горуннов: «13.08.44 г. работая командиром миномета сержант Бейсембаев Телтай точным огнем своего миномета поддерживал нашу пехоту занять высоты 17,9. В результате чего уничтожил до отделение пехоты и подавил 1 станковый пулемет.

Достоен правительственной награды ордена «Отечественная война II степени» деп ерлігін ескеріп, жоғары қолбасшылыққа наградаға ұсынған.

Тағы да бір архив құжатында 69 армияның 256 миномет полкінің №015/н бұйрығында: «Командир расчета-сержанта Бейсембаев Телтай за то, что в боях 21 и 22.06. 1944 года под артиллерийским огнем противника хладнокровно и точно командовал своим расчетом, точно кладя мины в цель. Его миномет уничтожил один станковый пулемет и участвовал огнем в отражении семи контратак противника» деп жазылып, әкем «Ерлігі үшін» медалімен марапатталыпты.

Әкем «Қызыл жұлдыз», «II-дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, 2 рет «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медалдарымен және «Гвардия жауынгері», «Артиллерия үздігі» төсбелгілерімен марапатталған. Анам Мамықбаланың айтуынша: «Әкем соғыстан оралғанда, кеудесі орден мен медальдарға толы, «менің-ақ жарым болатын жігіт» деп қыздар, келіншектер қызыға қарайтын» дейтін.

Атам Бейсембай сияқты әкем де өте еңбекқор болыпты. Балық аулап көрші-қоланға, туыстарға көмек қолын созып отырған. Түнімен балық сүзіп, таңертең келгенде оны жан-жаққа таратып, бізге сазаннан сорпа жасап, маринка балықты сексеуілдің шоғына майын тамызып қақтап беретіні әлі есімнен кетпейді.

Әкем небәрі 37 жасында соғыстан алған жарақатынан өмірден ерте қайтты. Асыл да аяулы әкемді әркезде сағыныспен еске аламын.

Ермұханбет БЕЙСЕМБАЕВ,
Балқаш ауданының Құрметті азаматы.
Балқаш ауданы, Бақанас ауылы.

● ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Ұрпаққа ұран болған ұлы адамдар

9 мамыр да келіп жетті. Өз басым осы күнді ерекше көрем. Себебі бұл - ұлы жеңіс күні, ел – жұрттың өткенді еске алатын күні. Жәй айтуға оңай болғанмен түсінген адамға жеңіс деген сөздің астарында қаншама қан мен тер, қайғы мен қасірет жатыр десеніңші!

Менің анамның жалғыз бауыры Әнәпия Шарубекұлы да осы қанды соғыстың құрбаны болған, сүйегі Украина жерінде жатыр. 1943 жылы дүниеге келген Несіпбек көкем атам мен әжемнің қайғысын ұмыттырған. Оны анам марқұм үнемі айтып отыратын. Менің бүгінгі ұрпаққа үлгі еткелі отырған нағашы атам, анамның бауыры, қара қылды қақ жарған, ақын Мұхтар ағамыз айтқандай “қараны қара, ақты ақ” дейтін Дүйсен атам Демесінұлы.

Дүйсен ағамыз 1920 жылы ақындар мен бағырлар дүниеге келген Шошанай деген жерде әкесі Демесін мен анасы Нұрбаланың отбасында туылған. Жеті жылдан соң дүниеге інісі Қожа келген. Дүйсен ағамыз жеті жылдық мектепті бітірген соң 1934 жылдан 1941 жылы соғысқа кеткенге дейін колхозда әке-шешесімен бірге жұмыс істеген. 1941 жылы соғысқа кетіп 1946 жылы жеңіспен өз ауылына оралған. Соғысты минометчик болып бастап, радиотелеграфист болып аяқтаған. Соғыстағы алған марапаттары, істеген ерлік істері жайлы бұрындары жазылған. Барлығы – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Оны қайталау керек емес, тарихта жазулы.

1947 жылы Токтарбайқызы Рысхан анамызбен отау құрды. Анамыз Рысхан – тыл ардагері. “Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!” деген ұранды жоғары ұстап, тылда қажырлы еңбек етті. Қажырлы да, қайратты анамыз 10 баланы дүниеге әкелді. Олардан немере, шөбере көрді, немерелерін өте жақсы көретін, шөбере қолынан май жалады. Әміре Құлбарақұлы, немере бауыры Бақтыбай



Мұраблдаев соғыстан оралмай қалды. Жандары жанатта шалқысын! Дүйсен әкеміз екі орденін ерекше күйде мақтан ететін. Былтырғы жылы ел президенті Қ.К.Тоқаевтың жарлығымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты туған ауылы Шошанайдан көше беру туралы әңгіме қозғалды. Көше аты берілді. Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралып, елге үлгі болған, қара қылды қақ жарған Дүйсен ағамыз әркез ұрпақтар есінде сақталады!

Менің анам ылғи да Дүйсен бауырын мақтанышпен айтып отыратын. Дүйсен ата жайлы ауданда жарық көрген кітаптарда айтылған, жазылған.

Қазіргі кезде майдангерлер саусақпен санарлық. Олар – кешегі ел басына төнген алапат қатерге бой бермеген, тылда еңбек етіп, майданға көмек берген әкелер мен аналар, сол кездегі бойжеткен қыздар мен бозбалалар. Тыл ардагерлері де күннен-күнге азайып бара жатыр.

1418 күн, 1418 түн тоқтамай соғысқан батырлар ұрпақтар есінде мәңгі сақталады. Бейбіт елдің көгінде қалықтаған қыранымыздың қанаты талмасын, әрдайым еліміз тыныш, жұртымыз тыныш болсын!

Рая САРТолова.

● ТӘРБИЕ ТӘМСІЛІ

Іле ауданы Ашыбұлақ ауылдық округінде «Бір әулет – бір тәрбие: Ене мен келін және абысын үйлесімі» тақырыбында отбасылық сайыс өткізілді. Бұл шараға М.Түймебаев ауылының 20-сыншы орта мектебі директоры М.Құткелдиева үлкен қолдау көрсетті.

ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІ ӘЙЕМЕ



Ашыбұлақ ауылдық округіне қарасты Мұхаметжан Түймебаев, Жәпек батыр, Көкқайнар және Төлеби елді мекендерінен тәрбиесі мен өнегесі бар, дәріптеуге лайықты деген үш отбасы таңдалып алынды.

Сайыс аналар кеңесінің мүшелерінен құралған «Үкілім-ай» әжелер ансамблінің орындауында Марат Илиясовтың «Қазақы дастарқаны» әнімен басталып, ауыл ақсақалы Шелекбаев Абдуали ата батасын берді.

М.Түймебаев ауылынан Дана Қытапова, Жәпек батыр ауылынан зейнеткер, Іле ауданының Құрметті азаматы Бикамал Бораншинова және Төлеби ауылынан Әлима Абиловалар келіні, абысыны, немере-шөберелерімен бірге сайысқа қатысты.

Сайыстың негізгі өзегі Отанын, отбасын сүюді, отбасында бір-бірін құрметтеуді, жанашырлықты басты мақсат етеді. Сонымен қатар қазақтың ұлттық салт-дәстүрін ұстанып, халықтың ежелгі өнерінің түрлерін насихаттау. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» демекші, қарт ана, ардақты әженің келіні, немере, шөбереге насихаттап үйреткен өнегесін дәріптеп көрсету болды.

Қатысушы отбасылардың әнді де айтып, биді де билеп, ұмыт болып бара жатқан ұлттық тағам түрлерін жасаудағы аспаздық өнерлері мен қолөнер тігіншіліктері таңқалдырмай қоймады. Іле ауданының Құрметті азаматы Бораншинова Бикамал әженің келіні домбырамен ән де айтып, термеде шырқады. Немере келіні тігіншіліктен кәсіп ашып, тігін цехы толы адамдарды жұмыспен қамтуда екен.

Сайыс барысында Қытапова Дана немере қызының шашын өріп шашбау тағып оның мән-мағынасын, тәрбиелік әдебін айтса, Абилова Әлима жас келініне әйел адамның басына орамал тартудың жөн-жоралғысын өнеге етіп түсіндірді. Бораншинова Бикамал әкеміз тоқымқағар дәстүрін паш етті. Одан басқа да отбасылардың қолүзік пен ерулік дәстүрлері өз кезегімен сахнадан көрініс тауып жатты.

Қытапова Дана әже наурыз көженің маңызын айтып, сән-салтанатымен ұсынып жатса, Абилова Әлима ана үлпіршек (ірі малдың жүрегінен пісіретін) ұзатылған қыздың артынан барғанда сағынышынан туған тағамды, Бораншинова Бикамал әкеміз қарынбүрме тағамын көрсетті. Сонымен қоса барлығы да құрт, май, ірімшік, майтары тағамдарын қоса дастарқанды ұлттық тамақтарға толтырған.

Қатысушылар салт-дәстүрге қатысты сұрақтарға жауап беріп, жағдайдан шығудың жолдарын да тауып, қызғылықты жауаптарымен де көрермендердің көңілін көтеруді ұмытпады.

Ашыбұлақ ауылдық округі әкімшілігінің қолдауымен өтіп жатқан сайыстың марапаттарын округ әкімінің орынбасары Кенже Бурхина табыстады. Марапаттар мен бағалы сыйлықтар өз иелерін тапты. Көрермен болған ауыл тұрғындары көтеріңкі көңіл-күймен дән ризашылықтарын айтып тарқасты.

Патта ШАЙЫХҚЫЗЫ.
Ашыбұлақ ауылдық округі.

● ЕСКЕ АЛУ

23 сәуірде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен бекітілген Ұлттық кітап күні кітапханашылардың кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келіп, еліміздің рухани өміріндегі жаңа белесті тағы бір мәрте айқындап берді. Осыған орай Қонаев қалалық Қасым Қайсенов атындағы №4 орта мектепте «Ақын, сазгер және кітапхана» әдеби-сазды кеш өтті.

ҚАЛАМҒЕР ҚАЗЫНАСЫ - ОҒЫРМАН ОЛЖАСЫ



Рухани кешке облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмар, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Ержан Тоқтар, қалалық білім бөлімінің бас маманы Айдана Аманжол және жергілікті қаламгерлер қатысты.

Кітапханашылар мен қаламгерлер арасында байланыс орнату мақсатындағы шараны ашқан Ержан Тоқтар мен Айдана Аманжол жиналғандарды Ұлттық кітап күнімен құттықтап, аталған білім ордасының мұғалімі, сазгер Жанатбек Рахымжанұлының жергілікті ақындардың сөзіне жазылған «Қашпағай толқындары-2» атты балаларға арналған ән жинағының тұсаукесер рәсімін жасады.

Кешке жиналғандарды мерекемен құттықтаған Төлеужан Нүсіпжанұлы кітап оқудан жалықпауға үндесе, ақын Берік Баилов өзін кітап оқуға және өнерге баулыған ұстазы Гүлстан апайын әлі күнге дейін есінен шығармайтынын айтты. Сонымен қатар Қазақ журналистикасының қайраткері, жазушы Зарыққан Есілбаев Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» жұмыс істеп жүргенде 1992 жылы 8 қаңтар күні Баканас ауылында өткен Дінмұхамед Қонаевтың 80 жылдық мерейтойында ұлы адамнан сұхбат құрып, қолтаңба алғаны жайлы әңгімелей келе, 2020 жылы «Дінмұхамед Қонаев және Балқаш елі» кітабына архивтік деректерді қалай жинақтағаны жайлы айтып берді.

«Ақкөл көтерілісінің ақиқаты» атты кітабымды 30 жыл бойы жазуыма тура келді. 1986 жылы көнекөз қариялармен сұхбаттасып, Ақкөл көтерілісі жайлы зерттеу жұмысын жүргізе бастаған тұста газетке мақала жариялаған едім. Сол кезде Балқаш аудандық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бастығы кабинетіне шақырып алып, аталған көтеріліс туралы айтуға да, жазуға бол-

майтынын қатаң ескертіп, ол жайында ешкімге тіс жармайтыным жөнінде қолхат жаздырып алды. Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін 1992 жылы зертеуімді әрі қарай жалғастырдым. Бұл кітапты жазып шығу маған өте қиынға соқты. Көтерілісшілердің және аштықтың тауқыметін тартқан ата-әжелеріміздің тағдыры жайлы жазған кезімде көзімнен жас тамып отырды. Сонымен бірге «Іле-Балқаштың тұңғыш болысы» кітабын жазу үшін екі жылға жуық архивте тапжылмай отырып деректер жинақтадым. Жалпы, менің кітаптарымның көпшілігі архив материалдарына сүйеніп жазылған,-деп Зарыққан Әбілқасымұлы аталған екі кітабын білім ордасының кітапханасына сыйға ұсынды.

Ақын Бижамал Тұрсынқызы өзінің өлең арқылы қала басшыларына сөзін өткізгеніне бірнеше мысал келтірді. Ақын Ізгілеу Тойшыбайұлы әуесқой спортшы әрі жанкүйер екенін айта келе, бірнеше кітабын мектеп ұжымына табыс етті. Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Алтыншаш Жақиянова өскелең ұрпақ үшін 20-дан астам кітап шығарғанын, көз майын тауысып жазған туындыларын мектеп оқушыларының да оқытынына сенімді екенін жеткізді. Өзге әріптестері секілді кітабын тарту етпейтінін, бірақ оқуға кеңес беретінін айтты.

Ақын-жазушылар мен оқушылар арасындағы сұрақ-жауаптан кейін «Қаламгер қазынасы» атты кітап көрмесі көпшілік назарын ұсынылды. Бұл көрмеде қонақ авторлардың шығармалары қойылды, әр кітапқа қысқаша мәлімет берілгенін айта кеткен жөн. Сахна төрінде қаланың әр мектебінен келген оқушылар кешке қатысқан ақындардың өлеңдерін жатқа оқып, поэзия әлемінің шымалдығын желпіді.

Назгүл НҮРСЕЙІТ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

● АЛТЫН САНДЫҚ

«Архивтік құжаттарды цифрландыру»

Архив – ұлттық жадымыздың алтын сандығы. Онда мемлекетіміздің тарихи жолы, қалыптасу кезеңі, келешек ұрпаққа аманат етілген құнды құжаттық мұралар жинақталған. Уақыттың сынынан аман өткізіп, осы асыл қазынаны сақтап қалу – архившілердің басты міндеті. Жыл өткен сайын құжаттарды сақтау әдістері де жетілдіріліп отыр.

Бүгінде бұл үдерістің басты бағыты – архивтік мұраны цифрландыру. Бұл өз кезегінде Ұлттық құрылтайдың былтыр Бурабай баурайында өткен отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген бастамамен тығыз байланысты. Жиында Мемлекет басшысы Ұлттық цифрлық архив құрып, оны еліміздегі және шетелдердегі нейрожүйе жасаушылардың еркін пайдалануына мүмкіндік беру қажеттігін атап өткен болатын.

Қазіргі таңда Алматы облысында «Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ-сі және оның Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Кеген, Қарасай, Қонаев қаласы, Райымбек, Талғар, Іле, Ұйғыр аудандарында орналасқан қалалық және аудандық 10 филиалы жұмыс істейді.

Мемлекеттік сақтауда тұрған құжаттар 1875 жылдан басталады, яғни облыстық (аудандық/қалалық) деңгейдегі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарда қалыптасатын құжаттар. Қор көлеміне тоқталатын болсақ, облыстық архив және оның филиалдарында жалпы 2 739 қор, 917 995(оның ішінде қағаз жүзінде – 907 410) сақтау бірлігі сақталуда.

2019 жылдан бастап мемлекеттік және ведомстволық архивтер қызметінің негізгі процестерін, архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуді автоматтандыру мақсатында «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» («Е-Архив») ақпараттық жүйесі пайдалануға енгізіліп, жұмыстар жалғасын табауда. Құжаттарды цифрландыру, яғни сканерлеу, оларды пайдаланудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету, архив құжаттарын интернет желісіне орналастыра отырып, ғылыми айналымға енгізу үшін және «Е-архив» ақпараттық жүйесін Архивтің жинақтау кезеңінде саналатын барлық ұйымдар мен мекемелерге енгізу сынды бірқатар жұмыс түрлері жүріп жатыр.

Облыс бойынша архив мекемелері құжаттарды жоспарға сай цифрлық нысанға кезең-кезеңімен және жүйелі түрде көшіріп келеді. Биылғы бірінші тоқсанның өзінде облыс бойынша архив мамандары 2 915 істі цифрлық нысанға көшірген. Жалпы, бүгінгі таңда облыс бойынша архив мекемелерінде цифрланған құжаттар көлемі 28 мыңнан асып отыр. Облыстық архивте қағаз жүзіндегі құжаттарды цифрландыру бойынша сақтандыру қорын құру зертханасы жұмыс істейді. Атап айтқанда, қағаз жүзіндегі құжаттардың арнайы планетарлы сканерлерде көшірмелері жасалып, «Е-Архив» ақпарат-



тық жүйесіне үздіксіз енгізіледі, сондай-ақ микрофишаларда сақталады.

Мемлекет басшысының Ұлттық Құрылтайда Цифрлық Қазақстан туралы атап өткен ұстанымын ескерсек, цифрландыру дегеніміз – белгілі бір жемені бағындырғаннан кейін де әрі қарай үздіксіз дамып, жалғасын таба беретін ауқымы кең өте маңызды іс. Бұл ретте облыс бойынша архив мекемелері қызметінің көмегіне жүгінетін азаматтар аз емес. Мысалы, олардың арасында әкімшілік айыппұлдар бойынша түсіндіру жұмыстарына зәру тұлғалар, үй мәселелерін шешуге қатысты, еңбек өтілі мен еңбекақысының мөлшерін, жасын, білімі мен біліктігін, мемлекеттік және зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, отбасы құрамы, азаматтық хал-жағдайы актілері, мүліктік құқықтарды растауға, аудан, қала, облыс атауларын өзгертуге байланысты құжат талап ететін тұрғындар сұрау салып жатады. Бізден алынған анықтамалардың азаматтар үшін қажетке жарап жататынын айта кету керек. Сол себепті де, архив қызметкерлерінің алдында үлкен жауапкершілік тұр.

Әрбір тұлға мұнан былайғы уақытта өзіне қажет мәселе бойынша өтінішін үйден немесе кенседен шықпай-ақ бізге жолдай алады. Яғни электронды өтініш беру арқылы азаматтар, біріншіден, уақытын зая кетірмейді, ешқандай әуре-сарсаңға түспейді, екіншіден, қай жерден жолданған өтініш болсын, жауапсыз қалмайды. Сонымен қатар тұлғалар мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде архив саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметті, яғни «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелері немесе архивтік үзінділер беру» онлайн режимде, электрондық қызметтер порталы көмегімен де алу мүмкіндігіне ие. Egov.kz порталы арқылы өтінім берудің артықшылығы көп. Болашақта цифрландыру аясы мұнан да кеңейіп, құжаттардың басым бөлігі онлайн форматта онай қолжетімді бола түседі деген үміттеміз.

Гүлмира КУЛМҰХАНБЕТОВА,
«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ бас директоры.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Профилактикалық иммундаудың маңыздылығы

Қазіргі заманғы медицинаның ең ірі жетістіктерінің бірі - профилактикалық иммундау. Бұл процесс адамзатты гасырлар бойы жайлаған қауіпті жұқпалы аурулардан қорғап қана қоймай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Иммундау (вакцинация) - бұл ағзаға вакцина енгізу арқылы белгілі бір ауруға қарсы жасанды иммунитет қалыптастыру процесі. Вакцина ағзаның қорғаныс жүйесіне (антиденелерге) болашақта нақты вирус немесе бактериямен кездескенде оны қалай тану және жою керектігін «үйретеді».

Вакцинацияның негізгі артықшылықтары

- Аурудың алдын алу: Иммундау - жұқпалы аурулармен күресудің ең тиімді және үнемді жолы. Ол ауру жұқтыру қаупін айтарлықтай төмендетеді немесе аурудың жеңіл өтуін қамтамасыз етеді.

- Ұжымдық иммунитет: Халықтың басым бөлігі (әдетте 95%-дан астамы) вакцинацияланғанда, аурудың таралу тізбегі үзіледі. Бұл медициналық себептермен (мысалы, аллергия немесе иммунитеттің төмендеуі) вакцина ала алмайтын жандарды қорғауға мүмкіндік береді.

- Ауыр зардаптардан сақтану: Көптеген жұқпалы аурулар (қызылша, полиомиелит, гепатит) мүгедектікке немесе өлімге әкелуі мүмкін. Вакцинация бұл қауіптердің алдын алады.

- Экономикалық тиімділік: Ауруды емдеуге жұмсалатын шығын оның алдын алуға арналған вакцинаның құнынан ондаған есе жоғары.

Қазақстан Республикасындағы Ұлттық екпе күнтізбесі - бұл мемлекеттік деңгейде бекітілген, белгілі бір жас кезеңдерінде жүргізілетін міндетті екпелердің кестесі. Күнтізбе халықаралық стандарттарға негізделген және еліміздегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып жасалған. Уақытылы жасалған екпе — қауіпті індеттерден қорғанудың жалғыз жолы.

Вакцинация тегін және медициналық ұйымдарда (емханаларда) білікті мамандардың бақылауымен жүзеге асырылады.

Маңызды ескертулер

- Денсаулық жағдайы: Екпе салар алдында педиатр немесе жалпы тәжірибелі дәрігер міндетті түрде тексеру жүргізіп, баланың дене қызуын өлшейді. Егер қарсы көрсеткіштер болса (уақытша ауру, аллергия), екпе кейінге шегеріледі.

- Медициналық бақылау: Екпеден кейін пациент 30 минут бойы медициналық мекемеде дәрігерлердің бақылауында болуы тиіс.

- Реакция: Екпеден кейін дене қызуының сәл көтерілуі немесе инъекция орнының ісінуі - бұл ағзаның иммунитет қалыптастыруға бағытталған қалыпты реакциясы.

Профилактикалық иммундау - бұл тек жеке басты ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Уақытылы жасалған екпе балаларымыздың сау болашағын және халықтың ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етеді.

Есіңізде болсын: Ауруды емдегеннен көрі, оның алдын алған әлдеқайда оңай әрі қауіпсіз. Денсаулығыңызға жауапкершілікпен қарап, мамандардың кеңесіне құлақ асыңыз!

Пастереллез сырқаттанушылығының алдын алу: Жануарлардан келетін қауіптің алдын алу жолдары

Пастереллез (немесе геморрагиялық септицемия) — бұл жануарлардан адамдарға жұғатын (зоонозды), жедел өтетін бактериялық жұқпалы ауру. Бұл дерт көбінесе ірі қара мал, шошқа, қоян және үй жануарлары арасында кең таралған. Адамдар үшін пастереллез тыныс алу жолдарының, терінің және жұмсақ тіндердің зақымдануымен қауіпті.

Пастереллез қоздырғышы — Pasteurella тобының бактериялары. Адамға инфекция негізінен келесі жолдармен беріледі:

- Жануарлардың тістеуі немесе тырнауы: Көбінесе ит пен мысықтың сілекейі арқылы.

- Тікелей байланыс: Ауру жануардың бөлінділерімен немесе зақымдалған тері арқылы жанасу.

- Аэрогенді жол: Шаң-тозаң немесе ластанған ауа арқылы (сирек кездеседі).

- Алиментарлы жол: Ластанған өнімдерді немесе суды тұтыну. Аурудың белгілері

Адамда аурудың инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін созылады. Негізгі симптомдарға мыналар жатады:

- Жарақат орнының ісінуі, қызаруы және қатты ауырсынуы.
- Дене қызуының көтерілуі және жалпы әлсіздік.
- Лимфа түйіндерінің ұлғаюы.
- Асқынған жағдайда — ірңді қабынулар, артрит немесе өкпенің қабынуы (пневмония).

Профилактикалық шаралар

Пастереллездің алдын алу үшін кешенді ветеринариялық және санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтау қажет:

1. Жеке гигиена және жануарлармен қарым-қатынас:
 - Үй жануарларымен (әсіресе белгісіз ит-мысықтармен) ойнағанда абай болу.
 - Жануарлар тістеген немесе тырнаған жағдайда жараны дереу сабындап жуып, антисептиктен өңдеу және медициналық көмекке жүгіну.

2. Ветеринариялық бақылау:
 - Шаруашылықтағы малдардың денсаулығын тұрақты тексеру.
 - Ауру белгілері бар жануарларды оқшаулау және мамандарға хабарлау.

3. Санитарлық тазалық:
 - Мал қораларын және жануарлар тұратын орындарды жүйелі түрде дезинфекциялау.
 - Кеміргіштермен (егеуқұйрық, тышқан) күресу, өйткені олар бактерия тасымалдаушы болуы мүмкін.
 - Мал өнімдерін (ет, сүт) тек термиялық өңдеуден өткен соң ғана тұтыну.

Пастереллез — бұл салғырттықты көтермейтін ауру. Мал шаруашылығымен айналысатын азаматтар мен үй жануарларын асыраушылар үшін санитарлық талаптарды сақтау — денсаулықты сақтаудың басты кепілі. Аурудың алғашқы белгілері білінгенде өз бетінше емделмей, дереу дәрігерге көрінген жөн. Саулығыңыз өз қолыңызда!

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500
Тапсырыс №985
Индексі – 65472.